

Ленин жолы

ҚН(Б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚН(Б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 217 (8677)

1945 жылғы 3 ноябрь Сенбі

Шығуына 27-жыл
Және саны 20 тыйын

Советтік демократия туы астында

1946 жылдың 10 февралында, бүкіл совет халқы, сайлау, сайлану правосы бар әрбір азамат ССР Одағы мемлекет билігінің ең жоғарғы орнының сайлауын өткізеді, өздері ұсынған қалаулы кандидаттарына дауыс береді.

Сайлау өткізілетін бұл күнге халқымыз асқан белсенділікпен әзірленуде. Бұрынғы сайлау учаскелерінде, кәсіп орындары мен мекемелерде, оқу орындарында, колхоз бен совхоздарда, МТСтарда, әскери бөлімдерде, партия, совет және көпшілік-қоғам ұйымдарында үгітшілер тобы жұмысқа кірісті. Олар қалың бұқараны сайлау заңының— «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереженің» маңызы мен мәнін терең түсіндіре бастады.

Көп адам қатынасқан жыйындар мен жыйлыстар өтіп жатыр. Арнаулы баяндамалар, лекциялар, консультациялар өткізілуде. Социалистік демократияның, нағыз халықтық демократияның күші мен беделін сыйпаттаған бұл баяндамалар мен лекцияларды әрбір совет азаматы мейлінше зейін салып, зор ынтамен тыңдауда.

Елімізде пролетариат диктатурасының жеңуі негізінде қолымыз жеткен социалистік бұл демократияның халық қайратын соншама тасытқаны әбден түсінікті. Нағыз халықтық демократизмнің қайнар бұлағы туралы марксистік-лениндік ғылымның қандай күшті екендігін совет халқы Ұлы Отан соғысы жылдарында бұрынғыдан да айқын көрді. Оларды бағырлыққа бастаған, жеңіске жеткізген, аброй мен атаққа бөлетін совет стройының күші мен қуаты еді. Совет мемлекетінің, совет демократизмінің бұл ұлылығы, асқан биігі Сталиндік Конституцияда

олардың ісі мен күресінен көрінеді.

Жыйындар мен жыйлыстарда шешіле сөйлеген совет адамдары сайлауға әзірлік жұмысының қазірдің өзінде-ақ саяси өрлеу туғызғанын асқан белсенділікпен айттып жатыр. Алматының кондитер фабрикасының стахановшысы Байназарова жол қас көптің ойындағысын айтып, былай деді: «Сталиндік Конституция совет адамдарың саналылыққа, ұйымшылдыққа үйретті. Қуатты мемлекеттің ұйымшыл, саналы халқы жеңілген жоқ. Бұл сайлауда біздің еліміз бұрынғыдан да берік, беркем болып шығады». № 2 нан зауыдының жұмысшы әйелдері Есқина, Шимакова, жолдастар: «елімізді жеңіске жеткізген көменгер адамның өсірген, шынықтырып отырған ұрпақтарының сайлау күндерінде беретін дауысы совет өкметінің қуатты үні болып, бүкіл әлемге естіледі», деді.

Қызылорда қаласында, Шнелі, Қазалы, Арал аудандарында үгітшілер тобының нұсқау жыйлыстары болып өтті, онда «Сайлау туралы ереже» жайында баяндамалар, лекциялар болды. Алматы қаласының бұрынғы сайлау учаскелерінде қазірдің өзінде-ақ 2500 үгітші жұмыс істей бастады.

Республикамыздағы сайлау учаскелері мен сайлау округтерінде сайлауға әзірлік жұмысы басталды. ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының быйылғы 16 октябрдегі Указы бойынша, Одақ Советі мен Ұлттар Советін сайлайтын сайлау округтері құрылды. Қазақ республикасында Одақ Советін сайлайтын 20 сайлау округі, Ұлттар Советін сайлайтын 25 сайлау округі құрылды.

Көп балалы аналарды „Ана даңқы“ орденімен наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 18 августағы Указына сәйкес, ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының атынан мына аналар наградталсын:

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНАН

Тоғыз бала тауып, тәрбиелеп өсірген аналар I-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен:

1. Қыраубаева Қапиза—үй шаруасындағы әйел, Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозы.

Сегіз бала тауып, тәрбиелеп өсірген аналар II-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен:

1. Әбілхалықова Тәбиса—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

2. Анулова Александра Васильевна—Ленин ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың мүшесі.

3. Бессмертных Анна Кузьминична—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

4. Булатова Домна Степановна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

5. Волошина Прасковья Петровна—Ленин ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың мүшесі.

6. Громан Аграфена Прокофьевна—үй шаруасындағы әйел, Булаев ауданындағы

Советтер Одағының еңбекшілері! 11 жылғы 10 февраль—ССР Одағының Жоғарғы Советін сайлайтын күн. ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына халқымыздың таңалы ұлдары мен қыздарын сайлайық!

Сайлауды еңбек майданында жаңа ер істермен қарсы алайық!

(БК(Б)П Орталық Комитетінің үндеулерінен)

Темір жол транспортының қысқы әзірлігіне көмектесейік

Облыс өнеркәсіп орындары коллективтерінің міндеттемесі

Отан соғысы жылдарында темір жол транспорты зор жұмыстар атқарып, қатты сығана төтеп берді, сөйтіп оған партия мен үкметіміз жүктеген міндеттерді ойдағыдай жүзеге асырды. Қазірде, елімізде бейбітшілікпен өркендеу дәуірі басталғанда транспорттың алдында жаңа, күрделі зор міндеттер қойылды.

Теміржолшылар әресе қыс кезінде қиын жағдайларда жұмыс істейді. Сондықтан да транспортты барлық жағынан қысқа дер кезінде әзірлеудің мемлекеттік зор маңызы бар. Әресе паровоз, вагон, жол шаруашылығы, байланыс тағы басқа учаскелер қыс мерзіміне ерекше жақсы әзірленуге тиіс. Теміржолшылар өздерінің алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін өнеркәсіп қызметшілері оларға барлық жағынан көмектесуі керек.

Горький қаласындағы заводтардың коллективтері қыс мерзіміне әзірленуге көмектесу үшін Горький темір жол торабын қамқорлыққа алып, Советтер Одағының барлық өнеркәсіп орындарының қызметшілерін социалистік жарысқа шақырды.

Бұл бағалы бастаманы қолдай отырып, біз социалистік жарысқа ұштасамыз, өзімізге мынадай міндеттемелер аламыз:

Резчик жолдас директор болып істейтін завод Петропавл депосының паровоздарды жөндеу цехын қамқорлыққа алып, мына шараларды іске асыруға міндеттенеді:

1. Цехтың үздіксіз жұмыс істеуі үшін оны аспаптармен кереметше қамтамасыз етеміз.

2. Цехтың запас бөлшектер және депоға керекті бөлшектер әзірлеуіне көмектесеміз.

3. Цехта паровоздың газ түтігін түсіретін аспап жабықтаймыз.

4. Цехты айына кемінде 150 баллон кислородпен қамтамасыз етеміз.

5. 1/2, 5/8 және 3/4 үлгілі болттарды жасап шығаруды итеріп, цех үшін айына паровоз көтеретін он мыңдай аспап жасап шығарамыз.

6. Паровоздардың технологиялық әдіспен жөндеуді қамтамасыз ететін запас бөлшектердің бір қалыпты жасалып шығарылуына көмектесеміз.

Малахов жолдас директор болып істейтін завод депоның аспап жасайтын цехын қамқорлыққа алып, мына шараларды іске асыруға міндеттенеді.

1. Цехтың бір қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оған темір кесетін және жабық аспаптар бөлеміз.

2. Темір кесетін аспаптарды дайындау мен жұмыстау тәжірибесін цех жұмысшыларына үйретеміз.

3. Цехқа бір фрезерлік және бір токарлық станок береміз.

ССРО Жоғарғы Советі сайлауына әзірлік

Сайлау ережесін түсіндіріп жүр

ССРО Жоғарғы Советін сайлау нұ мақсатында Совет аудандық комитеті үгіт-көпшілік жұмысын қолға алды. Жауапты қызметкері партия активтері жеке-жеке ұша бөлініп, бұхара арасында жұмыс

Колхоздарда, совхоздар мен трактор станцияларында үгіт-жұмысына басшылық ету үшін шілер тобының меңгерушілері алынды. Барлық клубтарда, кітапхана және оқу үйлерінде үгіт орны дастырылды.

Аудандық партия оқу үйі аудандық үгітшілермен нұсқау өтеді. Ол үгітшілер қазірдің өзі жұмыла кірісті. Аудандық байлау бастығының меңгерушісі және банк меңгерушісі Патановтар өз учаскелерінде бір ғеше сағат өткізді.

Жуырда аудан орталығында аудандық үгітшілер тобы меңгерушісі Мәслихат болып өтті. Мәслихат шілер нақтылы нұсқау алып, жерлерге жүріп кетті.

С. ҚАРЫМС

Үгітшілер сайлау учаскелерінде

Петропавлдың Орталық аудандық комитеті Орталық ауданның үгітшілерін ССРО Жоғарғы Советін сайлауға

мекендеген барлық ұлттардың бір-бірімен тең праволылығы мен халықтар достығының ұрандары жазылған! Сондықтан да ол нағыз халықтық демократизм.

Осы демократизм туы астында, Ленин — Сталин партиясының басшылығы арқасында Қызыл Армиямыз бен халқымыз қамал бұзып, неміс-фашист басқыншылар мен жапон самурайларын біржолата талқандады. Тарихта теңдесі жоқ жеңіске жетті. Елімізде бейбіт еңбек дәуірі басталды. Бұл тарихи табыс!

Совет адамы жеңіске мастанбайды. Большевиктер партиясының, оның көсемдері—Ленин мен Сталиннің халқымызға үй реткен дәстүрі осы. Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткізген совет мемлекетінің, совет демократизмінің күші мен беделін совет адамы қандай бағаласа, соғыстан кейінгі бейбітшілік құрылыс кезінде одан әрі бағалап, қадірлейді. Советтер Одағының негізгі заңы—Сталиннің Конституция берген праволар мен жүктеген міндеттері соғыс жылдарында қандай қажырлықпен қорғап, іске асырып келсе, оның нәтижелерін көріп отырса, соғыстан кейінгі күндерде де сондай қажырлықпен, табандылықпен, бір ауыздылық, ұйымшылдықпен іске асырады. Мұның игілігі көреді.

Оның кепілі мынау емес пе: совет демократизмі отанымыздың барлық азаматтарын заңдарды бұлжытпай орындау рухында тәрбиеледі, еңбек тәртібін қатаң сақтау, қоғамдық міндетіне, борышына адал болу, социалистік қоғам тіршілігінің ережелерін қадірлеу, социалистік міншікті қорғау және нығайту, социалистік Отанды қорғау рухында тәрбиелеп, шынықтырды. Совет адамының бойына сіңген, әдетіне айналған бұл хасиеттер

МӘДЕНИЕТ САРАЙЛАРЫНЫҢ, КЛУБТАРДЫҢ, ОҚУ ҮЙЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Неміс басқыншылар Ресей Кұрамасының мәдени-ағарту орындарын орасан зор бүліншілікке ұшыратты. Олар 8 мыңнан аса клубтарды, мәдениет сарайлары мен оқу үйлерін, 4 мыңнан аса кітапхананы талқандап, 20 миллион кітапты жойып жіберді, 117 музейді талқандады.

Неміс басқыншылар жерімізден қуылғаннан кейін қалпына келтіру жұмысы басталды. Бұл жұмысқа еңбекшілердің өздері белсене қатынасуда. Ленинград, Сталинград, Псков, Новгород облыстарында селолық жерлерде колхозшылардың және колхоздардың күшімен жаңа клубтар, оқу үйлері және үйірмелер жұмыс істейтін бөлмелері бар кітапханалар салыну да.

Мемлекетіміз мәдени-ағарту орындарының жұмысына көп қаржы шығарды. Өт

Социалистік партия, комсомол, совет ұйымдарының, үгітшілер армиясының, кәсіпшілер одақтарының, партияда бар және партияда жоқ большевиктерінің алдында орасан зор міндеттер тұр. Мемлекет билігінің жоғарғы орнын сайлауға мейлінше жақсы әзірлікпен келуден абройлы ешнәрсе жоқ. Сайлау заңын, сайлау ережесін, өздерінің праволары мен міндеттерін әрбір азамат жақсы білетін болсын. Үгіт жұмысының әрі түсінікті, әрі қонымы болуына мықтап зер салу керек. Жасы 18ге толатын жас сайлаушылардың көп болатынын және олардың бұл сайлауға тұнғыш рет қатысатынын ұмытуға болмайды.

Әйелдер мен ерлердің тең праволылығын, мемлекет билеу ісінде, қоғам тіршілігінде, шаруашылық пен мәдениеттің түрлі саласында әйелдердің қажырлы еңбек етіп отырғанын, олардың зор күш көрсеткенін жеткізе айту қажет. Олар партия, совет ұйымдарына сайлауға әзірлік жөнінде де көп көмек көрсете алады.

Совет мемлекетінің нығайғандығын, совет халқының саяси-моральдық бірлігінің беріктігін, Отанына сүйіспеншілігі арта түскендігін совет халқының большевиктер партиясының, ұлы көсеміміз Сталиннің төңірегіне бұрынғыдан да нық ұйымдасқандығын бұл сайлау тағы да айқын көрсетеді.

Оның кепілі мен құралы өз қолымызда. «Жаулар бізбен ойнаудың түрі жаман екендігін біліп отыруы үшін, керекті құралдардың барлығымен біз жақсылап қарулана беруіміз тиіс.

Біздің құралымыздың атақты арсеналы—социализмнің Сталиндік Конституциясы...» (В. Молотов).

(«Социалистік Қазақстан» газетінің 24 октябрьдегі басмақаласы).

9. Костяная Марфа Анисимовна—Ленин ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың мүшесі.

10. Кочешкова Мария Кузьминична—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

11. Савельева Таисия Константиновна—Ленин ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың мүшесі.

12. Садовничная Мария Носифовна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

(Жалғасы бар).

МЕМЛЕКЕТКЕ АСТЫҚТЫ МОЛ БЕРЕЙІК!

БІРІНШІ ПАРЫЗДЫ ТОЛЫҚ ӨТЕП, МЕМЛЕКЕТКЕ ЖОСПАРДАН ТЫС АСТЫҚ ТАПСЫРУДЫ КЕҢІНЕН ӨРІСТЕТЕЙІК!

Аудандардың мемлекетке астық тапсырудағы социалистік жарысы

Дайындау Халық Комиссариаты облыстық өкілінің мәліметі бойынша, 1 ноябрьге дейін облыс колхоздары мен совхоздарында мемлекетке астық тапсырудың жылдық жоспары 74,2 процент орындалды. Өткен жылғы осы уақытқа дейін жоспардың орындалуы 71,4 процент болған еді. Соңғы бес күн ішінде облысымызда астық дайындау жұмысының қарқыны баяулап кетті. Демек соңғы бір бес күнді өсім 2 проценттен 0,2 процент ғана артты.

Астық дайындау жоспарын 102,5 процент орындаған Петропавл ауданының колхоздары мен совхоздары мемлекетке жоспардан тыс астық тапсырып жатыр. Ал бұл ауданмен социалистік жарысқа түскен Полудень ауданында жоспар 78,7 процент орындалды. Аудан астық дайындау жөнінде бір бес күн ішінде 2,7 процент ғана өсім берді.

Соңғы бес күнде астық дайындау жұмысының қарқынын әсіресе Совет ауданы баяулатып алды. Бұл ауданда бес күнді өсім 1,4 процент ғана болып, жоспар 87,9 процент ғана орындалды, сөйтіп аудан екінші орыннан үшінші орынға түсіп қалды. Бұл ауданмен социалистік жарысқа түскен Приешім ауданы соңғы бес күн ішінде 4,2 процент өсім беріп, жоспарды 90,1 процент орындады да, үшінші орыннан екінші орынға шықты.

Астық дайындау қарқынын Октябрь ауданының колхоздары тағы бәсеңдетіп жіберді. Бұл аудан соңғы бес күнде 2,1 процент өсім беріп, жоспарды 73,6 процент ғана орындағандықтан, төртінші орыннан бесінші орынға түсіп қалды. Бұл ауданмен социалистік жарысқа түскен Преснов ауданы да астық дайындау жұмысының қарқынын бәсеңдетіп алды. Мұнда жоспардың орындалуы 69 проценттен аздап ғана асты.

Мамлют ауданы Соколов ауданымен социалистік жарысқа түскен болатын. Бес күнді өсім Мамлют ауданында 3,8 процент, ал Соколов ауданында 1,1 процент ғана болды. Бұл—Соколов ауданында Мамлют ауданына қарағанда астық дайындау жұмысының қарқыны тіпті баяулап кетті деген сөз. Ал жоспардың орындалуы Мамлют ауданында 69,1 процент, Соколов ауданында 63,1 процент болды.

Мемлекетке астық тапсыру жұмысының барысы әсіресе Конюхов, Булаев және Ленин аудандарында өте-өте қанағаттанғысыз болып отыр. Жоспар Конюхов ауданында 48,9 процент, Булаев ауданында 67,5 процент және Ленин ауданында 69,6 процент ғана орындалды. Бұл аудандарда астық тапсыру жөніндегі соңғы бес күнді өсім мүлде қанағаттанғысыз. Демек, бір бес күнде Булаев ауданы 1,1 процент және Конюхов ауданы 2 процент ғана өсім берді.

дайындауына, тағы басқа жұмыстарына көмектесуге міндеттенді.

Темір жол транспортының алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруы үшін, біз қала мен облыс кәсіп орындарының барлық коллективтерін қысқа әзірленуде және қысқы жағдайда жұмыс істеуде Петропавл темір жол торабына социалистік көмек көрсетуге шақырамыз.

Темір жол транспортына көмектесу үшін социалистік жарысқа ұштасыңыздар!

Завод директорлары **РЕЗЧИК, МАЛАХОВ, МАМОНТОВ,**
БК(б)П Орталық комитетінің партия ұйымдастырушылары **БОЛЬШАКОВ,**
ГАЛЬПЕРИН, ДЕНИСЕНКО,
52-күрлыс конторының бастығы **ПАСЮК**
Партия ұйымының секретарі **САЛОМАТИНА.**

ССРО Халық Комиссарлары Советінде

ССРО Халық Комиссарлары Советі 1945 жылғы 4 ноябрьде, жексенбі күні демалыс болатын кәсіп орындары мен мекемелер үшін демалыс күні 4 ноябрьден 6 ноябрьге көшірілсін деп қаулы етті.

Колхозшылар сертін орындады

Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 28 жылдығы мен Қазақ ССРның 25 жылдық мерекелері жақындады. Бұл даңқты мерекелерді татымды тартулар әзірлеумен қарсы алу үшін колхозшылар мен совхоз жұмысшылары социалистік өгің даласында бүкіл халықтық жарысты барған сайын өрістете түсуде. Олар өздерінің барлық күш-жігерін мемлекет алдындағы бірінші парызды мүлтіксіз орындауға жұмылдырып отыр.

Приешім ауданындағы «Большевик» ауыл шаруашылық артелинің мүшелері даңқты мерекелер қарсаңындағы социалистік жарысқа қосылғанда, мемлекетке

лр өздерінің жұмысындағы жерін ортаға салды және оқу институтының оқытушысы Ақбадстың «Сталиндік Конституция жүзіндегі ең демократияшылық» деген тақырыптағы лекциясымен танылды. Келесі кеңестерде «Ленин—Сталин партиясы—Советтер Одағының жеңілісті тапсырушы және оған демократияның жеңісі—Советтер Одағының ұлы мақтанышы», «Қазақстанның 25 жылдығы» және «ССРО Жоғарғы Кеңесінің сайлау туралы Ереже» деген тақырыптарда лекциялар оқылады.

ауыл шаруашылық өнімдерін жөніндегі міндеттемені мерзімінен орындауға уәде берген болатыншылар берген сертін орындады мемлекетке астық және мал шаруашылығын өнімдерін тапсыру жоспарын мейлінше орындады.

Колхозшылар мұны ғана емес, қойған жоқ. Олар бірінші парызды болысымен, Қызыл Армия қорықтарымен астық тапсыруға міндеттенді. Бұл міндеттеме де аброймен орындалды. Колхоз мемлекетке жоспардан тыс астық тапсырды.

Б. ЕЛЕУСИ

Озаттардың шақыруын жаппай қолдады

Октябрь ауданындағы «Красная поляна» колхозының (председателі Ременюк жолдас) мүшелері Октябрь мерекесіне тамаша сыйлық әзірледі. Олар еліміздің әл-ауқатын нығайта беруге жаппай жұмылды, сөйтіп астық дайындау жоспарын 122 процент орындады. Колхоз мемлекетке жоспардан тыс астықты өлі тапсырып жатыр.

Сол сияқты, колхоз мүшелері мемлекетке ет, сүт, жүн, мал шаруашылығының басқа да өнімдерін тапсыру жоспарын ой

дағыдай орындап шықты. Алдыңғы қатарлы колхоздың қолдары жуырда Октябрь ауданының даңқты колхозшылары мен колхозшы ерлеріне хат жазып, оларды бүкіл халық мерекесіне дейін мемлекетке астық тапсыруға сөзсіз орындауға шақырды. Бұл шақыруды ауданның барлық колхозшылары жаппай қолдады. Қазір аудан астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының қарқыны күшейуде.

Т. ЕСЕН

ЖОСПАРДАН ТЫС АСТЫҚ ТАПСЫРУДА

Преснов ауданындағы «Ортақ көл» колхозы (председателі Байкәрімов жолдас) мемлекетке астық тапсыру жоспарын 100 процент орындап, жоспардан тыс 552 пұт астық тапсырды. Осы сияқты, Қазақстан Республикасының Президенті болып істейтін

«Тау ағаш» колхозында мемлекетке жоспардан тыс 476 пұт астық тапсырды.

«Орталық» және «Қызыл ой» колхоздары да мемлекетке жоспардан тыс астық тапсырып жатыр.

Е. ҚАЗБЕК

(ТАСС).

Л қыстатуға әзірлік тыңғылықты болсын!

Мал қыстатуға толық әзірлігі жөнінде аттестат алмаған бірде-бір колхоз қалмасын!

Қыстатуға әзірлік жайы нашар

ауданындағы «Заря много-
лхозының мүшелері Қазақ ССР
ылдығы атындағы социалистік
ұштасқанда, мал қыстату
а мүлтіксіз әзірленіп, бұл сын-
мей өтеміз», деген еді. Колхозшы
н жерінен шықты. Олар мал
тыңғылықты әзірленуде. Қазір
барлық мал қоралары толық
жылытылды, қораның қабыр
іхият сыланып, ағартылды. Бар
қораларында оттық жабдықтал-

ен бірге, қоғамдық мал кұнарлы
толық қамтамасыз етілді. Кол
11 центнер шөп және 5098 цент
і дайындалды.

ы аудандағы «Мирный труд»
а жағдай бұдан тіпті басқаша.
айтсақ, бұл колхоз мал қыста-
мына күні бүгінге дейін әзір
хозда мал азығын дайындау жос-
далмаған. Колхоз председателі
жолдас 4500 центнер пішен
деп аудандық жер бөліміне
өлімет берген. Шынында шабыл-
н мөлшері 3700 центнерден аз-
асады. Ал жоспар бойынша, қыс
на 6421 центнер шөп дайындау

басшылары жетіспейтін мал
сабаң есебінен толықтырамыз де-
гады. Алайда, мұның өзі де кұр-
болып отыр. Өйткені колхозда
сабаны мен мекенді жыйнау жү-
ті ұйымдастырылмаған.

да қыс маусымына мал қорала-
леу жайы да осындай. Әлі күнге
л қораларының басым көпшілігі
ді жоқ. Мұның өзі колхоз предсе-
ланұйлов және оның мал шаруа-
жөніндегі орынбасары Катенов
ардың мал қыстату маусымына
мәселесіне ат үсті карағандығын,
ысты кезекке қойып отырғанды-
паттайды.

ный труд» колхозының басшыла-
қыстатуға әзірліктегі бұл сыяқты
қты жоймаса, онда қыс маусы-
мал шаруашылығының жайы на-

Мал қыстатуға барлық жағынан толық әзірлік жасалсын

Быыл Приешім ауданының мал өсі-
рушілері мал басын өсіруде және оның
өнімін арттыруда көп еңбек сіңірді. Ау-
данда өткен жылға карағанда, мал саны
2667 бас артты. Аудан колхоздары мал
өсірудің мемлекеттік жоспарын түліктің
барлық түрінен анағұрлым артық орын-
дады, сонымен бірге, мал шаруашылығы
ның өнімін де арттырды.

Мал өсірушілердің мал шаруашылығын
дағы бұл еңбегі зор бағаланды. Ауданда
жүзден аса мал өсірушілер еңбеккүндері-
не қосымша ақы алды. Тельман атында-
ғы колхоздың басқармасы бұзау күтуші
Екатерина Попова жолдастың еңбеккүні-
не қосымша ақыға 6 қой берді. Осы кол-
хоздың шошқа күтушісі Татьяна Исаева
жолдас 8 мегежінен 93 торай өсіргені
үшін еңбеккүніне қосымша ақыға бір то-
рай алды. Карауындағы 20 бұзауды шы-
ғынсыз өсірген Прасковья Петесова жо-
лдастың да еңбек күніне қосымша ақыға
бір қой берілді. «Образцовый» колхозы
ның сауыншысы Мария Титова жолдас
сыйырдан көп сүт сауу жөнінде үздік та-
бысқа ие болды. Ол өзіне бекітіліп беріл-
ген 12 сыйырдан 15 мың литр сүт сау-
ды.

Алдыңғы қатарлы колхоздар Қазақ
ССР Халық Комиссарлары Советі мен
КҚ(б)Ш Орталық Комитетінің «Республи-
каның колхоздары мен совхоздарында мал
қыстатуға әзірліктің барысы туралы»
қаулысын орындау жолында бір талай жұ-
мыстар істеді. «Образцовый», «12-Ок-
тябрь», Тельман атындағы, «Семеновод»
тағы басқа колхоздар мал қыстату маусы-
мына мұқият әзірленді. Бұл колхоз
дарда кұнарлы мал азығының берік қоры
жасалды, ескі мал қоралары жөнделіп,
жаңадан қосымша қоралар салынды.

«12-октябрь» колхозының председателі
П и д о р и ш жолдас: «бізге
ғыс онша хауіпті емес, өйткені
біз қысқы маусымға барлық жағынан
әзір отырмыз»—дейді. Айтса айтқандай,
бұл колхоз мал шаруашылығын өркендету
дегі жауашты кезек—мал қыстату маусы-
мына тыңғылықты әзірленді. Қоғамдық
мал басын кұнарлы мал азығымен тыңғы-
лықты жабдықтады, мал қораларын тап-

келеді. Демек, колхоздардың өгін даласын
да мыңдаған центнер сабаң мен мекен
жыйнамай жатыр, олар кім көрінгеннің
қолында кетуде.

Мал қыстауларына даладағы мал азы-
ғын тасу жұмысының барысы жөнінде
де осыны айтуымыз керек. Әлі күнге дейін
барлық мал азығының қыстаулар жа-
нына бестен бір бөлегі де тасылған жоқ.
Ал, соңғы кезде ауданда қыстауларға
пішен тасу жұмысының қарқыны тіпті
бәсеңдеп кетті. Өйткені пішен тасу жұмы-
сына өгін жыйнау жұмыстарынан боса-
ған көліктер әлі пайдаланылмай келеді.

Ауданда мал қыстату маусымына мал
қораларын әзірлеу жайы да ойдағыдай
емес. Бұған дәлел етіп, әлі күнге дейін
барлық мал қораларының үштен бір бөле-
гі де жөнделмей отырғандығын айтудың
өзі-ақ жеткілікті. Осы сыяқты, мұнда жа-
на мал қораларын салу жұмысы да өріс-
алмай келеді.

Молотов атындағы колхоз өткен жылы
мал азығын дайындау жоспарын орындама-
ды. Ол олма, колхоз басшылары дайы-
далған мал азығының қалай болса, солай
жұмсалуына жол берді. Мұның аяғы да-
йындалған мал азығының тек 10
январьға дейін жетуіне әкеліп соқты.
Осының салдарынан колхоз көршілес «Та-
лапкер» колхозына жүз мад асыратып,
12 малды асыратқан ақысына төледі.

Молотов атындағы колхоздың басшыла-
ры және оның председателі Стукашев жо-
дас бұл сыяқты кемшіліктен быыл қоры-
тынды шығарды ма? Шығарған жоқ.
Мұнда жаз бойына мал азығын дайындау
жұмысы дұрыс ұйымдастырылмады. Пішен
шабу жоспары 63 процент ғана орындал-
ды. Сондай-ақ колхозда мал қораларын
жөндеу жұмысы ойсыраған олқылыққа
ұшырады.

Мал қыстатуға әзірлік жұмысының ба-
рысы «3-интернационал» және «Красный
интернационал» тағы басқа сол сыяқты
колхоздарда да ойдағыдай болмай отыр.
Бұл колхоздардың басшылары мал шаруа-
шылығына жеңіл-желпі қарап жүр. Олар
осы уақытқа дейін қыстауларға мал азы-
ғын тасу жұмысын ұйымдастырмады,
мал қораларын көп жөндеу керек ететініне
қарамастан қара жәңгілейтін арнаулы бри-

Әскерден босатылған жауынгерлермен кездесу

Жуықта Октябрь ауданындағы «Жаңа
су» колхозының мүшелері Отан соғысы-
на қатысушы орденді Қажымұрат Кара-
паевты қуанышпен қарсы алды. Бұл күні
Карапаев жолдастың туған өліне қайта
оралуына арналған кеш ұйымдастырыл-
ды. Кеште жауынгер Карапаев жолдас
колхозшыларға совет жауынгерлерінің
Берлинді алуы жөнінде әңгіме айтты.

Карапаев жолдастың әңгімесінен кейін,
колхоз жастары колхозшыларға әртүрлі
Ұлт ойындарын көрсетті. Ойында қыз-ке-
ліншектер мәуелете әң шырқап, түрлі
тақпақ сөздер айтты. Жауынгердің 75
жастағы шешесі Айша майдандағы бала-
ларына арнап шығарған өлеңін айтты.

Қ. ҚАНАФИН.

Қызыл Армия қатарынан босатылып,
Молудень ауданындағы «Стахановец» кол-
хозына келуші жауынгерлердің саны күн-
нен күнге көбейе түсуде. Майданнан қайт-
қандар Қызыл Армия жауынгерлері мен
офицерлерінің өрлік істері жөнінде, неміс-
тердің уақытша жаулап алған совет же-
рінде істеген айуандықтары жөнінде кол-
хозшыларға әңгімелер айтуда.

Колхозшылар майданнан қайтқандарға
соғыстың ауыр жылдарында колхозда
өздерінің қалай жұмыс істеп, жауды бір
жолата жеңу жолында Қызыл Армияға
өздерінің қажірлі еңбектерімен көмектес-
кендіктері жөнінде әңгіме айтады.

Қазір Қызыл Армия қатарынан қайт-
қан жауынгерлердің барлығы дерлік кол-
хоз жұмысына кірісті.

Б. ЕЛУБАЕВ.

Үлгілі асхана коллективі

Петропавлдағы әскери сауда бөлімінің
асханасына кіре қалсаңыз асхана іші
көз тартқанлай. Асхана үйінің ішкі қа-
бырғаларына совет халықтары көсемдері
нің суреттері ілінген, үйдің іші түрлі су-
рет Ұрандармен безелген.

Асхана коллективі тағамды дәмді
әзірлеуге және Отан соғысының мүгедек-
тері мен олардың ұй-штерін мәдениетті
қамтуға аянбай күш жұмсап келеді. Эсе-
се асбасшы Покуленко жолдас басқалар-
ға үлгі бопарлықтай жұмыстар істей
жүр. Ол асбасшы болып істей бастағалы
40 жыл болса, осы мол тәжірибесін жас
асбасшыларға тынбай үйретуде. Оның
бастамасы бойынша асханада асбасшы

Жастардың халықаралық конференциясының кеңейтілген мәжлісінде

ЛОНДОН, 31 октябрь. (ТАСС). Бүгін
жастардың халықаралық конференциясы-
ның бірінші кеңейтілген мәжлісінің бол-
ғандығын Рейтер агенттігі хабар етті.
Мәжлісте Америка өкілдерінің басшысы
Том Нейль сөз сөйлеп, мынаны мәлімде-
ді: «Аргентинаның Біріккен Ұлттар ұйы-
мына қабылдануын қамтамасыз ету жө-
нінде біздің үкметтің көрнекті роль ат-
қарғандығына өкінеміз». Ол Аргентинада
демократиялық үкметті қалпына келтіру
үшін белсенді түрде шаралар қолдануға
шақырды.

Совет өкілдерінің басшысы Н. А. Михай-
лов өзінің сөзінде мынаны мәлімдеді: «Бі-
ріккен Ұлттардың жеңуіне Советтер Ода-

ғының өлшеусіз зор үлес қосқандығын
бүкіл жұртшылық мойындады, сондықтан
бүкіл прогресшіл адам баласының совет
халқының басшыларына, дақты қолбас-
шы Сталин жолдасқа неліктен шын ықы-
ласпен хұрмет көрсетіп отырғандығы
жақсы түсінікті. Михайлов, Франко—Са-
лазара, Фаррель жөнінде ұқсас саясат ұс-
таған және олармен бірге қандай ғана
болмасын іс жүргізуден бас тартатын бар-
лық демократияшыл үкметтерге белсене
көмектесуге шақырды.

Англия өкілі Брос Сыртқы Істер Ми-
нистрлерінің Кеңесі сессиясының қолай-
сыз аяқталғандығына өкініш білдірді.

Маршал Тито совет жастарының өкілдерін қабылдады

БЕЛГРАД, 1 ноябрь. (ТАСС). Кеше
Маршал Тито совет жастарының Югосла-
вияның түрлі аудандарына барып келген
өкілдерін қабылдады. Совет жастарының
өкілдері, Маршал Титомен әңгімеде өзде-
рінің елді аралап жүргенде алған әсерін
айтып, Югославияда қалпына келтіру жұ-
мыстары қарқынының мейлінше күшті
екендігін ерекше атап көрсетті. Совет

жастарының өкілдері өздерін зор қамқор-
лықпен қарсы алғаны үшін Югославия
халқына және Маршал Титоға шың жү-
ректен алғыс айтты.

Әңгімеден кейін Маршал Тито совет
жастарының өкілдері қойған сұрақтарға
жауап берді және оларға югославия хал-
қының тұрмысы жөнінде қызықты әңгі-
мелер айтты.

Чехословакияның Уақытша Ұлт Жыйылысының ашылуы

ПРАГА, 29 октябрь. (ТАСС). Кеше Пар-
ламент үйінде Чехословакияның Уақытша
Ұлт Жыйылысының ашылғандығын Пра-
га радиосы хабар етті. Бас Министр Фир-
лингер кіріспе сөз сөйледі. «Жақын ара-
да ғана аяқталған дүние жүзілік соғыс-
тан,—деді Бас Министр,—біздің халқы-
мыз қайта көркейіп, шынығып шықты.
Халқымыз ұлт бірлігінің нелер игі жақ-
сы үлгілерін көрсетті.

Қысқаша үзілістен кейін Жыйылыстың
жаңадан сайланған Председателі Иосиф
Дабие Республика Президенті доктор Эду-
арт Бенештен келесі сайлауға дейін Пре-
зиденттің міндеттерін атқара беруді өтіну
жөнінде ұсыныс жасады.

Жыйылыс бұл ұсынысты бекітті.
Уақытша Ұлт Жыйылысының мәжлісіне
келген Эдуарт Бенешті депутаттар ду ова-
ция жасап қарсы алды. Бенеш жыйылыс-
қа қатысушыларға арнап сөз сөйледі.
Уақытша Ұлт Жыйылысының депутатта-
ры Президенттің бұл сөзін зор қуаныш-
пен қарсы алды.

Бұдан соң депутаттар ант берді. Уа-
қытша Ұлт Жыйылысының Председателі
болып Иосиф Дабие бір ауыздан сайлан-
ды.

Поляк солдаттары мен офицерлерінің Франциядан Польшаға келуі

ВАРШАВА, 31 октябрь. (ТАСС). Польша-
ның Франциядағы әскерлерінің алған-
қы тобының 29 октябрьде Польшаға ке-
ліп түскендігін «Глос Люду» газеті ха-

бар етті. Келгендердің ішінде 2 мың сол-
дат және 100 офицер бар. Поляк солдат-
тары мен офицерлері өздерінің қару-жа-
рақтарын ала келген.

Даниядағы парламент сайлауы

БОПЕНГАГЕН, 30 октябрь. (ТАСС). Бү-
гін Данияда парламент сайлауы жүргізі-

йынша, сайлауға неғұрлым көптеген сай-
лаушылар қатысуда.

Алғашқы алынған хабар бо-